КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 29 қараша №4712-24-00-2/4400 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.О.Метеркулова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен төмендегі электрондық азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрілігі «29011 әскери бөлім» Республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Сатқанбаев» басшысы Сатқанбаев Біржан Баязитұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-5, 223-226- баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Сатқанбаев» басшысы Сатқанбаев Біржан Баязитұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Сатқанбаев» басшысы Сатқанбаев Біржан Баязитұлынан мемлекет пайдасына мемлекеттік баж 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 02.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.01.2025, судья Метеркулова Г. О., 11.01.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Г.О.Метеркулова

Шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 29 қарашада дайындалды.

Құжатқа қол қойылған: Метеркулова Г. О., 02.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.01.2025, судья Метеркулова Г. О., 11.01.2025

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

4712-24-3-1/4038